

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2024-2025 оқу жылы бойынша мектеп психологының атқарылған жұмысы туралы хабарлама

Оқу жылының басында 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Психологиялық қызмет мынадай 5 бағыт бойынша жұмыс жасайды: психодиагностика, психопрофилактика, түзету-дамыту, кеңес беру, ұйымдастырушылық-ағартушылық жұмыстары жүзеге асырылады.

Білім алушыны жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге ата-аналардың келісімі алынды. Мақсаты: Білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі жұмыс жоспары туралы түсіндіру. Барлық ата-ана келісім берді. Келісім бермеген ата-ана болған жоқ.



Қыркүйек айында мектепке оқуға даярлықтың жалпы деңгейін анықтау мақсатында 1 сынып оқушыларынан Керн Йрасек әдістемесі алынды. Диагностикаға барлығы 4 оқушы қатынасты. Нәтижесінде 2 оқушы оқуға дайын, 2 оқушы оқуға дайындығы орташа деңгейде екендігі анықталды.

1-класқа Біздің сынып - бұл біз” тақырыбында адаптациялық тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты: бірінші сынып оқушылармен танысу.



Оқушылардың ойлау қабілеттері жақсы, тренингке белсене қатысты, өз ойларын жеткізіп, тренинг барысында оқушылар өздеріне деген сенімділіктері мен ойлау қабілеттерін, сабақ барысында пайдалана білді. Психологиялық жағымды ахуал орнады.

5 сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық көмек мақсатында “Бірінші рет 5 сыныпқа” тақырыбында тренинг өтті.



Мектеп мотивациясын анықтау мақсатында 5 сынып оқушыларынан Лусканова сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 7 оқушы қатынасты. Нәтижесінде 2-оқушы оқу белсенділігі мектеп мотивациясының жоғары, 4-оқушы мектеп мотивациясы жақсы, 1-оқушы мектепке жағымды қарым-қатынаста екені анықталды.

Оқушылардың қарым-қатынасын зерттеу мақсатында 5,6,8,9 класс оқушыларынан Социометрия әдістемесі алынды. Нәтижесінде оқшауланған оқушылар анықталмады. 8-9 сынып оқушыларынан Айзенк тесті алынды. Мақсаты: оқушының психикалық күйін мойындау немесе жоққа шығаруға мүмкіндік береді, сонымен қатар қобалжу, фрустрация, агрессия және регидтілік деңгейлерін анықтау.

5-сынып оқушыларымен “Із кесуші” психологиялық акция өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру, ұжымдық ортада өзін-өзі ұйымдастыру.



Акцияға оқушылар белсенділік танытып, берілген сұрақтарға қызығушылықпен жауап берді.

6-7класс оқушыларымен қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында Зунге сауалнамасы алынды. Сауалнамаға барлығы 11 оқушы қатынасып, нәтижесінде барлық оқушы депрессиясыз күй болып есептелінді.

2-3-4 класс оқушыларының танымдық процестері диагностикаланды. Диагностикаға барлығы 9 оқушы қатынасты. Нәтижесінде 1 оқушы өте жақсы, 4 оқушы жақсы, 3 оқушы орта, 1 оқушы төмен деңгей көрсетті.

Оқушы, ата-ана, мұғалімдерге жоспарлы, жоспардан тыс психологиялық кеңестер беріліп отырды.

Сынып жетекшілермен мектептегі психологиялық денсаулық (буллинг, кибербуллинг) тақырыбында профилактикалық жұмыс өтті. Мақсаты: Буллинг және кибербуллингтің алдын алу.



Ата-аналармен, мұғалімдермен Бала қауіпсіздігі - қоғам келешегі” тақырыбында профилактикалық жұмыс өткізілді. Мақсаты: Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру



«Өмір қымбатсың маған» тақырыбында 9 сыныпқа тренинг өтті. Мақсаты : Жеке тұлғаның дамуындағы қарым- қатынасты жақсартуға бейімдеу және қазіргі кезде депрессиялық жағдайлардың алдын алу.



Тренинг барысында. Оқушылардың әрбірі қайталанбас тұлға екенін сезініп, өз бойларындағы адами құндылықтарды түсінді. Оқушылар топтық жұмыстар барысында бірін-бірі тыңдауға, бірігіп ойлануға үйреніп, олардың тіл табысу қабілеттері қалыптасып, өз сезімдерін реттеуге үйренді. «Мен тұжырымдамасына» тереңірек көңіл бөліп өздеріне сенімділігі арта түсті. Оқушылардың өмірге деген ынтасы артып, өз отбасыларына керек екендерін ұғынды.

8-9 класс оқушыларымен «Стресті жеңу жолдары» тақырыбында тренинг өтті. Мақсаты : Психологиялық тұрақтылықты арттыру және күнделікті өмірде стресс деңгейін төмендетуге көмектесу. Қатысушыларға жаттығулар арқылы өз эмоцияларын басқаруды үйрету.



«Біз бірге күштіміз» тақырыбында түзету-дамыту жұмысы жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларды бір-біріне деген құрметін арттыру. Ұжымдық ынтымақтастықты нығайту. Эмпатия мен сенімділікті қалыптастыру.




Тренинг барысына оқушылар белсенділік танытып, бір-біріне қолдау білдірді. Жаттығулар олардың сенімін арттыруға, ұжымдық қатынасты нығайтуға оң әсер етті. Көңіл-күйлері көтеріңкі, сабырлы және сергек күйде аяқтады.

6-9 класс оқушыларынан “Мен және әлеуметтік желілер”, “Класта немесе топта буллинг мәселесін зерттеу”, “Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу” тақырыптарында сауалнамалар алынып, қорытындыланды. 7 класқа Кондаш әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: оқушылар бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау.

Нәтижесінде оқушылардың мазасыздық деңгейі қалыпты нәтиже көрсетті. Ата-аналармен “ Бала тәрбиесіндегі қиындықтарды шешу” тақырыбында сауалнама алынды. Мақсаты: Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі қиындықтарды шешу дағдыларын анықтау, олардың әдістерін бағалау және тиімді тәсілдерін ұсыну.

Қатысқан зерттелуші саны: 20

Диагностика нәтижесі




Қорытындысы Диагностикаға барлығы 12 ата-ана қатысты. Нәтижесінде 9 ата-ана 8-11 ұпай аралығын жинады. Тәрбие тәсілі түсіністікке негізделген. Сіз баланың сезімдері мен қажеттіліктерін ескеріп, оған қолдау көрсетуге тырысасыз. Бұл- тиімді тәрбие үлгісі. 3 ата-ана 12-18 ұпай аралығын жинаған тәрбие тәсіліңіз қатал. Сіз балаңыздың мінез-құлқын бақылауға көп мән бересіз, бірақ оның еркіндігі мен сенімділігіне кері әсер етуі мүмкін.

9-класс оқушыларынан Климов сауалнамасы алынды. Мақсаты: Оқушылардың белгілі бір мамандық түрлеріне оның құндылық бағдарларында көрінетін бейімділігін анықтау

Зерттеуге 100% қатысты. Оның ішінде:

- «Адам-табиғат» типіне 2 оқушы(25%); «Адам-техника» типіне 1 оқушы (12,5%);
- «Адам-белгілік жүйе» типіне 1 оқушы (12,5%); «Адам-көркем бейне» типіне 1 оқушы (12,5%); «Адам-адам» типіне 3 оқушы (37,5%)



Мақсаты: Оқушылардың мектепке бейімделу деңгейін анықтау Алынған әдістеменің қорытындысы шығарылып, анықтамасы жазылды.

“Бақытты әке болудың кілті өз қолыңда” тақырыбында әкелермен профилактикалық жұмыс өтті. Мақсаты: Бақытты әке болудың сырын ашу. Отбасы татулығын сақтаудағы әке жауапкершілігін түсіндіру. Әкенің балаға үлгі болу дағдыларын дамыту.



“Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу” тақырыбында ата-аналармен профилактикалық жұмыс өтті. Жұмыстың мақсаты: Ата-аналарды балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі зиян келтіру, қауіпті әрекеттерге бару немесе өміріне қауіп төндіру белгілері туралы ақпараттандыру, олардың себептерін түсіндіру және алдын алу жолдарын ұсыну.



“Селф -харм және оның белгілері” тақырыбында класс жетекшілерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты: Селф-харм белгілерін тануға, психологиялық себептерін анықтауға және қандай көмек беруге болатынын үйрету.



Класс жетекшілер селф - харм мәселесіне қатысты қажетті теориялық және практикалық білім алды.


Класс жетекшілермен онлайн форматта “Стресті жеңу жолдары” ПСИХО-TIME тақырыбында түсінік жұмыстары жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты: шаршау мен эмоционалдық стресті жеңілдету жолдарын айту



Эмоционалдық күйзеліс пен шаршау – әрбір адамның өмірінде кездесетін табиғи жағдай. Бірақ біз оны жеңілдетудің жолдарын біліп, өзімізге қамқорлық жасауды үйренсек, бұл қиындықтармен күресу әлдеқайда жеңілдейді. Класс жетекші ретінде сіздердің рөлдеріңіз өте маңызды. Сондықтан өзіңіздің ішкі күйіңізге назар аударып, психологиялық саулығыңызды күту – тек өзіңіз үшін емес, шәкірттеріңіз үшін де аса қажет. Өзіңізге қолдау көрсетіп, жан тыныштығын табуға бағытталған әрбір қадамыңыз — үлкен жетістікке бастар жол.

Сонымен қатар ата-аналарға “Көмек сұрау - әлсіздік емес” тақырыбында жадынамалар таратылды. Жұмыстың мақсаты: Эмоционалдық күйзелісті төмендету



Ата-аналарға “Көмек сұрау- әлсіздік емес” тақырыбындағы ақпараттық жадынама онлайн түрде таратылды. Жадынамада көмексұраудың маңыздылығы, кімнен және қандай жағдайда көмек сұрауға болатыны, сондай-ақ баланың ішкі күйін бақылау жолдары көрсетілді.

Ата-аналармен “Эмпатиялық тыңдау және қолдау көрсету дағдыларын дамыту.”

Жұмыстың мақсаты: Өзіндік жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеуге мотивациясын ояту, әлеуметтік эмоциясын дамыту, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.



Іс -шара нәтижесінде ата-аналар эмпатиялық тыңдау мен қолдау көрсету тәсілдерімен танысып, оларды тәжірибе жүзінде қолдануға мүмкіндік алды. Қатысушылар іс-шараға белсене қатысып, өзара қарым-қатынасты нығайту жолдары қарастырылды.

Отбасылық құндылық - тәрбие бастауының негізі тақырыбында ата-аналармен профилактикалық жұмыс жүргізілді. Жұмыстың мақсаты: Ата-аналарды отбасылық құндылықтардың маңыздылығымен түсіндіру.

Баланы тәрбиелеуде құндылықтардың рөлін түсіндіру.

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту.



Ата-аналар семинарға белсене қатысып, қойылған сұрақтарға жауап беріп, тәжірибелік тапсырмалар орындау арқылы өз отбасындағы тәрбиелік үлгілерін сараптау мүмкіндігіне ие болды.

Ойыл аудандық білім бөлімінің жылдық жоспарына сәйкес мектебімізде “Келесіз жағдайлардың алдын алу және отбасы құндылығын насихаттау мақсатындағы профилактикалық жұмыстар” тақырыбында аудандық семинар өтті. Семинар барысында отбасы құндылықтарын нығайту, балалардың қауіпсіз әрі бақытты ортада өмір сүруін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен жұмыстар, оқушылармен диагностика көрсетіліп, проблемді топтың жұмысы туралы баяндалды. Сондай -ақ “Психологиялық шеңбер” супервизиялық жобасы тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жасалған жұмыстардың қорытындылары шығарылып, хаттамалары толтырылды және электронды журналға салынды.

Осы оқу жылында бірнеше облыстық, аудандық семинарға қатынасып, 80 сағаттық біліктілікті арттыру курстарынан өттім.